**"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы № 56 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 22 қаңтардағы № 437 Жарлығы.

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы № 56 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы ережеде:

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасының және Қазақстан қатысушысы болып табылатын отбасы және гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі халықаралық шарттардың аясында отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты басымдықтарды айқындау, кешенді мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдау;";

4-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері жанындағы комиссиялардың қызметін үйлестіруге, олардың қызметі туралы есептерді тыңдауға;";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның құрамы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті* *Қ.Тоқаев*

2024 жылғы 22 қаңтардағы
№ 437 Жарлығына
ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2006 жылғы 1 ақпандағы
№ 56 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның ҚҰРАМЫ**

| | |
|---|---|
| Балаева<br>Аида Ғалымқызы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі, төраға |
| Ысқақова<br>Жұлдызай Амангелдіқызы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының кеңесшісі, саясаттанушы, төрағаның орынбасары (келісім бойынша) |
| Рамазанова<br>Лаззат Керімқұлқызы | - қоғам қайраткері, төрағаның орынбасары (келісім бойынша) |
| Сүлеймен<br>Ләззат Жаңылысқызы | - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы жанындағы "Парламентаризм институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны директорының орынбасары, төрағаның орынбасары (келісім бойынша) |
| Тарасенко<br>Елена Ивановна | - қоғам қайраткері, төрағаның орынбасары (келісім бойынша) |
| Абден<br>Қарақат Жақсылыққызы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |
| Ағыбаева<br>Бибігүл Шәкірбайқызы | - еңбек және кәсіподақ құқығы саласындағы сарапшы, "Academy of labour relations" бас директоры (келісім бойынша) |
| Адамбеков<br>Тілектес Серікбайұлы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |
| Адиева<br>Альфия Даулетқалиқызы | - "Samruk-Kazyna Trust" әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бас директоры (келісім бойынша) |
| Әбдірахманова<br>Алина Бауыржанқызы | - "International Business School" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша) |
| Байсақова Зульфия<br>Мұхамедбекқызы | - "Дағдарыс орталықтары одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы (келісім бойынша) |
| Гурина Марианна | - "Ұлағатты жанұя" қоғамдық қорының президенті ( келісім бойынша) |
| Жанғазинова Назым<br>Жәнібекқызы | - медиакоммуникация саласындағы сарапшы, " NazymPR" PR-бутигінің негізін қалаушы (келісім бойынша) |
| Жандосова<br>Баян Айтбекқызы | - "Қазақстан әйелдерінің республикалық кеңесі" қоғамдық бірлестігінің филиалы - Шымкент қалалық әйелдер кеңесі" қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша) |
| Жүгінісова<br>Айнұр Серікқызы | - кәсіпкер, продюсер, "Қазақ аналары - дәстүрге жол " республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы ( келісім бойынша) |
| Зұлқайыров<br>Ренат Уәзірұлы | - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары |

| | |
|---|---|
| Имашева<br>Снежанна Валерьевна | - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы (келісім бойынша) |
| Каримова<br>Эльмира Рашитовна | - "Самұрық-Қазына" АҚ адам ресурстарын басқару департаментінің директоры (келісім бойынша) |
| Каринова<br>Шолпан Таңатқызы | - "AMANAT" партиясының хатшысы, партияның әйелдер қанатының төрағасы (келісім бойынша) |
| Қажыбаева<br>Раушан Жаңабергенқызы | - "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені" коммерциялық емес акционерлік қоғамының бас директоры (келісім бойынша) |
| Қалтаева<br>Ләззат Молдабекқызы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша) |
| Қанай Гүлмира<br>Әмірханқызы | - "Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма төрағасы - ректоры (келісім бойынша) |
| Қарабасова<br>Лаура Шапайқызы | - "Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының ректоры (келісім бойынша) |
| Қожалы Тоғжан | - қоғам қайраткері, "HAQ" қайырымдылық қорының негізін қалаушы (келісім бойынша) |
| Қожахметова<br>Ләззат Таймырқызы | - "Talbesik" көпбалалы аналар одағы" қоғамдық бірлестігінің жетекшісі (келісім бойынша) |
| Миронюк<br>Татьяна Александровна | - "Ұлттық волонтерлік желі" заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры (келісім бойынша ) |
| Молдашева<br>Рыиза Асанқызы | - "Семей таңы газеттері - Вести Семей" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры - бас редакторы (келісім бойынша) |
| Омарова Айман<br>Мұратқызы | - адвокат, құқық қорғаушы, "AU" онлайн-құқық мектебінің негізін қалаушы (келісім бойынша) |
| Омарова Гүлнар<br>Мансұрқызы | - "Senimen Bolashaq" республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының кеңесшісі (келісім бойынша) |
| Семидоцких<br>Елена Александровна | - кәсіпкер, "Қазақстанның орыс, славян және қазақ ұйымдары қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігі филиалы төрағасының орынбасары, Қазақстан халқы Ассамблеясы Солтүстік Қазақстан облысы Аналар кеңесінің мүшесі (келісім бойынша) |
| Тасбергенова<br>Гаухар Қошқарбекқызы | - "Рухани қазына" қоғамдық қорының басшысы ( келісім бойынша) |
| Хасенов<br>Муслим Ханатұлы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшесі, құқықтық мәселелер жөніндегі халықаралық сарапшы (келісім бойынша) |
| Шанаи<br>Нәзипа Ыдырысқызы | - Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің төрағасы (келісім бойынша) |
| Шөжеева<br>Әзиза Тимурқызы | - кәсіпкер, "Techno Woman" коммерциялық емес ұйымының президенті, "Цифрлық трансформация" қоғамдық қорының жетекшісі (келісім бойынша) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК